

«Сейфуллин оқулары – 18: « Жастар және ғылым – болашаққа көзқарас» халықаралық ғылыми -практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 18: « Молодежь и наука – взгляд в будущее» - 2022.- Т.І, Ч.ІІІ. - Б. 194-197

ЖЕКЕ ҚОСАЛҚЫ ШАРУАШЫЛЫҚТЫҢ ЖАЙ-КҮЙІН ТАЛДАУ

*Арын Б.Е., ауыл шаруашылығы ғылымдарының магистрі
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті , Нұр-Сұлтан
қ.*

Қазақстанда шамамен 1,6 млн жеке қосалқы шаруашылық бар. Малдың жартысына жуығы ЖҚШ-да екенін ұмытпауымыз қажет. Шын мәнісінде, бұл үлкен биологиялық актив күнкөріс шаруашылығы деңгейінде жұмыс істейді және ешқандай да технологиялық процестермен қамтылмаған, дегенмен бұл жерде өндірістің тиімділігін арттыруға және ауыл тұрғындары үшін қосымша табыс табуға деген үлкен әлеует барын атап өткен жөн.

Қазіргі таңда ауыл шаруашылығы өнімдерінің негізгі бөлігін бұрынғысынша шағын ауыл шаруашылығы құрылымдары мен жеке қосалқы шаруашылықтар өндіреді, олардың ауыл шаруашылығы ЖІӨ-ге үлесі шамамен 75%-ды құрайды. Бұл ретте мемлекеттік қолдау мен жеңілдікті кредиттеудің басым үлесі негізінен үлкен ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге беріледі. Жеке қосалқы шаруашылық жүргізетін азамттар үшін мемлекеттік қолдау шаралары жоқ... Мұның барлығы ауыл халқының қаржылық жағдайына теріс әсер етеді, олардың фермерлік шаруашылықтарға айналуына және тұтастай алғанда олардың әлеуетін толықтай ашуға мүмкіндік бермейді [1].

Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде өнім өндірушілерге экология мен қоршаған орта үшін барынша аз шығынмен жоғары сапалы ауыл шаруашылығы өнімін өндіру міндеті қойылды. Құс шаруашылығын Қазақстандағы мал шаруашылығының стратегиялық салаларының бірі ретінде дамытудың маңызы зор. Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенінің қазіргі заманғы жүйесіндегі неғұрлым серпінді дамып келе жатқан салалардың бірі құс шаруашылығы болып табылады. Бүгінгі таңда құс шаруашылығының жоғары сапалы өнімдерін тиімді өндіруді ынталандыру өте маңызды.

Бүгінгі таңда жеке қосалқы шаруашылық жалпы ауылшаруашылық өнімдерінің де, атап айтқанда мал шаруашылығының да маңызды өндірушілеріне айналды. Осылайша, 2021 жылы Халық шаруашылықтарында барлық ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру құрылымында сүт бағытындағы ірі қара малдың 75,4%-ға дейін, жылқының 45,9%-ға дейін, қой мен ешкінің 60,2% - ға дейін және құс етінің 27,4% - ға дейін өндіріледі [2].

Бұл 2021 жылы ауылда республика халқының 40,6%-дан астамы немесе 19 102,4 мың адамнан 7 766,1 мың адам тұратындығына байланысты. Экономикалық белсенді ауыл халқының 4 млн-ға жуық адамы ауыл шаруашылығы өндірісінде жалдамалы жұмыспен 500 мыңға жуық адам қамтылған (ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің деректері бойынша) [3].

Қазақстан экономикасының аграрлық саласының жұмыс істеуі шағын аграрлық бизнестің, шаруашылық жүргізудің шағын нысандарының дамуы бүгінде ауыл халқы мен ауылдық аумақтарды сақтаудың, ел халқын қолжетімді және сапалы азық-түлікпен қамтамасыз етудің, көп құрылымды ұлттық экономиканың қалыптасуына жәрдемдесудің неғұрлым маңызды факторы болып табылатынын көрсетіп отыр. Қазақстанда ауылшаруашылығы өндірісін дамытуды ынталандырудың басты ерекшеліктерінің бірі ауыл халқының өзінің тіршілігін қамтамасыз етудегі және ауылдық аумақтарды дамытудағы жеке қосалқы шаруашылықтардың (ЖҚШ) ролін жандандыру болып табылады.

Салыстырмалы түрде жақында мемлекеттің жеке қосалқы шаруашылықты дамытуға және қолдауға деген қызығушылығы күшейгендігіне қарамастан, жеке қосалқы шаруашылықтарды құру мен дамытудың ерекшеліктері мен проблемаларын анықтау үшін әлі де зерттеулер жеткіліксіз.

Жеке қосалқы шаруашылық өз мұқтаждықтарын қанағаттандыру үшін қала маңы аймағында немесе ауылдық жерде орналасқан жер учаскесінде өткізілетін қызмет түрін білдіреді. Сонымен қатар, көбінде жеке қосалқы шаруашылықтар өнім өндірулері өз қажеттіліктерінен асып жатады, сондықтан мұндай шаруашылықтар өз өнімдерінің артық мөлшерін сатуға дайын [4].

70-ші жылдары Венгрияда ауылдағы жеке қосалқы шаруашылықтарда қаз өсіру аграрлық сектордың дамуына және мемлекеттің ЖІӨ-нің айтарлықтай өсуіне ықпал етті. Бүгінгі таңда бұл үрдіс бүкіл Еуропаның құс етіне қажеттіліктің 70% - ы Венгрияның жеке қосалқы шаруашылықтарын жабады.

Халықтың ауылдық аулаларында құс етін өндіру жылына бар болғаны 11 мың тоннаны құрайды, ал ауыл тұрғындарының бұл бағытта әлеуеті жоғары.

Сонымен қатар, көптеген экономистер құс етін ұсақ тауарлы өндіруді ауылдық жерлерде бизнесті өз бетінше жүргізуді үйрету үшін ең өзекті ыңғайлы, жеңіл енгізілетін құрал ретінде қарастырады [5].

Тауық еті өндірісі – бұл, әсіресе дамушы елдердің көптеген бөліктерінде ресурстар жетіспейтін ауылдық қауымдастықтар арасында кедейліктің төмендеуіне ықпал ететін тиімді кәсіпорын. Бұл кішігірім фермерлер мен жерсіз шаруаларға өте қолайлы, өйткені инвестицияның аздығы, жоғары экономикалық тиімділік, икемді өндіріс жүйелері және өндіріс қауіптерінің төмендігі. Тауық еті мен жұмыртқасы ақуыздардың, дәрумендер мен минералдардың жоғары сапалы көзі болып табылады, олар әсіресе балаларға, жүкті әйелдерге қажет. Сонымен қатар, тауық еті мен

жұмыртқасы жануарлар ақуызын өндірудің экологиялық тиімді жүйелерінің бірі болып табылады [6].

Жеке қосалқы шаруашылықтың негізгі жұмыс жасау рөлі азық-түлікке деген қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады. Сол себепті өндірілген өнімнің көп бөлігі жеке тұтынуға жұмсалатыны заңды.

Әрине, халықтың жеке қосалқы шаруашылықтарын дамыту стратегиясы олардың елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі рөлімен анықталады. Айта кету керек, қазіргі уақытта ЖҚШ белсенділігінің төмендеу шыңы бар. Дегенмен, республикадағы жеке қосалқы шаруашылықтар ауыл шаруашылығы ұйымдарымен және шаруа (фермер) қожалықтарымен қатар одан әрі дамитын болады, дегенмен оларды жүргізу нысандары мен әдістері елеулі өзгерістерге ұшырауы мүмкін [7].

Жеке қосалқы шаруашылық ауыл шаруашылығы ұйымдары қызметкерлерінің тамақ өнімдеріне деген қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірудің қосалқы элементі және көзі ретінде құрылды. Соңғы кездері олардың жұмыс белсенділігі арта түсті.

Жеке қосалқы шаруашылықтардың даму перспективаларын қарастыра отырып, алдағы жылдары олардың дамуы ірі қоғамдық өндіріспен интеграция деңгейін арттыру бағытында жүреді деп болжауға болады, бұл біздің еліміздің бірқатар облыстарының тәжірибесімен расталады.

Сондай-ақ жеке қосалқы шаруашылықтардың ауыл шаруашылығы, қайта өңдеу кәсіпорындарымен, тұтыну кооперациясы ұйымдарымен байланысын жолға қою маңызды.

Болашақта жеке қосалқы шаруашылықтарды аграрлық нарықтың басқа қатысушыларымен кооперация мен кооперативтік қатынастарға тарта отырып, олардың тауарлығын арттыру қажет [8].

Жеке қосалқы шаруашылықтарды дамытудағы кемшіліктерге қарамастан, олар аграрлық реформа жылдарында Агроөнеркәсіптік кешендегі ең жаппай және өміршең құрылым болды. Қазіргі жағдайда жеке қосалқы шаруашылықтың ерекшелігі мен артықшылығы-олардың субсидиялар мен инвестицияларға аз тәуелділігі, банкроттыққа салыстырмалы түрде жоғары қарсылық, ауылшаруашылық өндірісін ұлғайтуға тұрақты және нақты ынталандырудың болуы. Жеке қосалқы шаруашылық барлық санаттағы шаруашылықтардың жалпы ауданының 5%-ға жуығын алып жатыр және ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің 40%-дан астамын өндіреді. Соңғы жылдары ауылшаруашылық экономикасындағы жеке шаруашылықтардың маңызы өндірістің табиғи сипатымен қосалқы мәннен оларды жеке меншікпен басқарудың тәуелсіз рөліне және тауар нарықтарына белсенді қатысуға дейін өзгерді. Жеке қосалқы шаруашылықтарды дамыту келесі міндеттерді шешуге мүмкіндік береді:

1. Қосымша Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру. ҚР жекелеген облыстарында ауыл шаруашылығы өнімдерінің көптеген түрлері бойынша жеке қосалқы шаруашылықтар негізгі тауар өндірушілер болып табылады;

2. Артық ауыл шаруашылығы өнімдерін сатудан алынатын кірістерді ұлғайту жолымен ауыл халқының өмір сүру деңгейін арттыру, сондай-ақ

отбасының материалдық жағдайын оның тамақ өнімдерімен қамтамасыз етілуін жақсарту есебінен нығайту. Көптеген ауылдық отбасылардың бюджетінде жеке қосалқы шаруашылықтың табысы 20-дан 30% - ға дейін және одан да көп құрайды.

3. Еңбек ресурстарын және өндіріс құралдарын ұтымды пайдалану:

а) жұмыстан тыс уақытта шаруашылық жүргізудің басқа нысандары қызметкерлерінің еңбегі, зейнеткерлердің, үй шаруасындағы әйелдердің, мүгедектер мен жасөспірімдердің еңбегі;

б) шаруашылық құрылыстар және ауыл халқына тиесілі ақша қаражаты;

в) көлемі жағынан шағын және қазіргі заманғы ауыл шаруашылығы техникасын қолдануға жарамсыз, ірі ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында пайдалану тиімсіз жер учаскелері [9].

Жеке қосалқы шаруашылықтарды одан әрі дамыту үшін мал шаруашылығы үй-жайларын салу, асыл тұқымды мал сатып алу, өнімді өткізуге көмек көрсету, құрама жем және өндірісті қарқынды жүргізу үшін қажетті басқа да ресурстарды сатып алуға субсидияларды ұлғайту үшін жеңілдікті кредиттер бөлу түрінде мемлекеттің қолдауы қажет, яғни олардың дамуын ынталандыратын іс-шаралар кешені енгізілуі тиіс.

Ғылыми зерттеу жұмыстары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020-2022 жылдарға арналған жас ғалымдарды гранттық қаржыландырудың бюджеттік бағдарламасы бойынша «Құс етін өндіру мысалында жеке қосалқы шаруашылықтардың тиімді жұмыс істеу моделін әзірлеу» ЖТН АР08053217 ғылыми жобасы шеңберінде жүргізілді (жобаның ғылыми жетекшісі Сагинбаева М.Б.)

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Какой статус будет у личных подсобных хозяйств [Электронный ресурс]. – URL <https://kapital.kz/amp/gosudarstvo/102680/kakoy-status-budet-u-lichnykh-podsobnykh-khozyaystv>
- 2 Meiramkulova K.S., Ryspekova M.O., Niyazbekova Sh.U., Duisenbekova A.A. Analysis of the current state of production activity of the «Izhevsky» production cooperative of Akmola region [Text] / Meiramkulova K.S., Ryspekova M.O., Niyazbekova Sh.U., Duisenbekova A.A. // Журнал: Bulletin of Karaganda university. Economy series. – 2020. - №4. – Б. 93-103
- 3 Автореферат Лаврова А.П. [Электронный ресурс] – URL. https://spbgau.ru/files/nid/1512/avtoreferat_lavrova_alevtina_petrovna.pdf
- 4 ЛПХ личное подсобное хозяйство как форма ведения бизнеса [Электронный ресурс] – URL.

<https://blog.agronavtika.ru/2016/06/01/lpx-lichnoe-podsobnoe-hozyajstvo-kak-forma-vedeniya-biznesa/>

- 5 Аналитический обзор рынка мяса птицы [Электронный ресурс]. – URL: <http://www.kazagro.kz>
- 6 6. Melesse, A Significance of scavenging chicken production in the rural community of Africa for enhanced food security [Text] /Melesse, A // *World's Poultry Science Journal*, – 2014. – №70(3). – P. 593-606. doi:10.1017/S0043933914000646
- 7 Гайдуков А. А. Роль личных подсобных хозяйств в обеспечении населения продуктами питания в соответствии с рациональными нормами потребления [Текст] / Гайдуков А. А. // Журнал: Вестник Белорусской государственной сельскохозяйственной академии. – 2019. – №. 2. – Б. 55-59.
- 8 8. Прибыткова И. И. Состояние и тенденции развития личных подсобных хозяйств в современной экономической системе сельскохозяйственного производства ЦЧР [Текст] / Прибыткова И. И. // Журнал: Региональные проблемы преобразования экономики . – 2019. – №3. –Б. 52-57
- 9 Широков С.Н., Писаренко П.И., Кутузова Т.П., Качалов С.М.. Развитие личных подсобных хозяйств [Текст] / Широков С.Н., Писаренко П.И., Кутузова Т.П., Качалов С.М.// Журнал: Известия Санкт-Петербургского государственного аграрного университета. – 2015. – №.38. –Б. 195-200.